

Ресми оппоненттің 6D021500-Исламтану философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған Анарбаев Нұрлан Сайлауұлының «Орта ғасырлық ханафи ғалым Әбу-л Қасым әл-Фарабидің//әл-Фарйабидің (?-1210) «Халисату-л хақайқ» трактатындағы моральдық-этикалық нормалар: мәні мен маңызы» деген тақырыптағы диссертациясына

## ШКІРІ

### 1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі, оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Ұлттық философияның ерекшеліктері қазақ сахараасының топырағынан өсіп-өркендеген Ұлы даала ойшылдарының – Тонықөп пен Қорқыттың, Жүсіп Баласағұн мен Махмұд Қашқаридің, Йассауи мен Йүгінекидің, Фараби мен Хазинидің қазақ жыраулары мен зар-заман ақындарының, Үбірай мен Мәшхұрдің, Абай мен Шәкәрімнің дүниетанымдық ілімдерінің өзегін құрайды. Егемендік алғалы бері қазақ мұсылмандығы мен діни танымы туралы қайта толысқан мұраларымыз жаңғырып келеді. Ғасырлар бойы жинақталған мәдени мұра мен рухани қазынаның дәнін тауып, сөлін сүзіп ұлттың кәдесіне жарату зиялды қауым мен зерттеуші ғалымдарға жауапкершілігі жоғары міндеттер жүктейді. Қазақстандықтардың тұтастығын мақсат ете отырып, өткен тарихтың тағлымдарын терең ұғынып, оның өміршең дәстүрлерін өрнекті түрде жалғастыра білу шынайы ұрпақтар сабактастығы бар жерде ғана мұратына жете алады. Осы жолда халықтардың бұдан да қын сындар тұсында қалыптасқан, алайда рухани қажетіне сай тиісінше кәдеге асырылмай, қоғам мүшелерінің сұранысына толық ие бола алмай, тысқары қалып отырған ішкі құндылықтарды қайта пайымдап, қазіргі заман қажетіне дер кезінде жаратса білудің мәні мен маңызы зор. Осы тұрғыдан алғанда, Анарбаев Нұрлан Сайлауұлының «Орта ғасырлық ханафи ғалым Әбу-л Қасым әл-Фарабидің//әл-Фарйабидің (?-1210) «Халисату-л хақайқ» трактатындағы моральдық-этикалық нормалар: мәні мен маңызы» атты докторлық диссертациясы енбегі ұлттық мәдениет пен руханияттағы, философиядағы тағы бір сұраныстың орнын толтырады.

Орталық Азияға ислам өзінің таза ортодоксалдық күйінде тарала қойған жоқ. Түркі тілдес халықтардың діни дүниетанымының дәстүршілдігі, оның жоғары синкреттілігі мұнда исламның өзгеше түркілік реңге ие болуына әкелді. Бұл аймақта, ең алдымен, жергілікті халықтардың әдет-ғұрыптарына либералды қатынас көрсеткен ханифиттік мазхабтағы сунниттік ислам кеңінен таралды. Сондай-ақ исламды таратуда йасауийа тәрізді сопылық ағымдар – тариқаттар ерекше орын алды. Осындай сопылық құбылыстың тағы бір тұғыры Әбу-л Қасым әл-Фарабиден бүгінге дейінгі

қазақ даласының ойшылдарының дүниетанымдық көзқарастарында сопылық дәстүрдің негізгі рухани қайнарлардың бірі болғаны және бұл тарихи-мәдени сабактастықтың кешегі кеңестік дәуірге дейін сақталып келгені баршаға аян.

Осы сабактастықтағы, яғни ұлттық дәстүрлі ойлау жүйесінің пайда болуы, қалыптасуы мен дамуындағы Әбу-л Қасым Фарабидің рөлі мен орнын анықтау отандық исламтану ғылымына белгілі бір міндеттер жүктейді. Бұл тұрғыдан алғанда ізденуші Н.С. Анарбаевтың таңдаған тақырыбы мен жасаған зерттеу жұмысы өзектілігімен көзге түседі. Сондай-ақ бұл жұмыс мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасымен де үндес болып саналады.

## **2. Диссертацияға қойылатын (ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 9-10 тармақтарында және ғылыми қызметтің тиісті мамандықтарының төлкүжаттарында) талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.**

Н.С. Анарбаев исламтану саласы бойынша белгілі бір білім деңгейіне көтеріле отырып, методологиялық тәсілдерді орнымен пайдалану арқылы бірқатар ғылыми нәтижелерге қол жеткізгендіктен диссертацияға қойылатын талап деңгейлерін қанағаттандырады. Бұл ғылыми нәтижелерге төмендегілерді жатқызуға болады:

Зерттеу жұмысының өзектілігі мен алға қойған мақсат-міндеттеріне сай төмендегідей ғылыми нәтижелер алынды;

- *1-shi ғылыми нәтиже*. Әбу-л Қасымның «Халисату-л хақайқ» трактатының әлемдегі мұрағаттарда сақталған он тоғыз қолжазба нұсқасы анықталған. Оның ішінде тоғыз нұсқасы тарихи және мәтіндік тұрғыда салыстырылған. Бұл нұсқа ойшылдың - Каирдегі «Дару-л кутуб» мұрағатындағы сақталған төл рисала нұсқасы болып шықты. Сонымен қатар, Әбу-л Қасымның «Мақасиду-л аулия фи махасину-л анбия» атты еңбегінің нақты атауы «Қисасу-л анбия» екендігі және «Әл-Асилату-л ламия уа ажуибату-л жамия» атты еңбегінің біршама бөлігі «Халисату-л хақайқта» қамтылғаны салыстырмалы текстологиялық методтармен дәйектелді;

- *2-shi ғылыми нәтиже*. Әбу-л Қасым әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылығы біртұтас сарапталып, оның Ханафи мазһабы, Матуриди ақидасындағы, сондай-ақ, рухани кемелділікті мақсат еткен классикалық сопы һәм ахлақ саласында білікті ғалым болғандығы тарихи дереккөздерге сүйене отырып дәлелденді;

- *3-shi ғылыми нәтиже*. Әбу-л Қасым, Әбу Хамид әл-Газалидің «Ихия улум ад-дині» біліммен, Ибн Мискуайhtiң «Таһзибу-л ахлақы» хикметпен және әл-Мауардидің «Адаб ад-дин уа ад-дуниясы» ақылмен сабактасқандығын зерделеп, «Халисату-л хақайқта» ақыл, білім мен хикмет, иман ұғымдарының өзіндік қадір-қасиетін ашып толықтырып, кемелділікке жетелейтін негіздер ретінде танытқаны анықталды;

- 4-ші ғылыми нәтижесе. Әбу-л Қасым трактатында әдеп, мораль, ахлақ ұстанымдары танымның барлық салаларын қамтыған. Онда ислам ахлақ методологиясындағы Құрандағы қысса-оқиғалар, өнер, өлең, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, қасиетті аяттар мен хадистер және Құран әдісі болған қызықтыру (тарғиб) мен қорқыту (тарниб) қалыптары қолданылып, адамды рухани һәм философиялық, моральдық және аксиологиялық түрғыдан анықтағандығы дәлелденді;

- 5-ші ғылыми нәтижесе. «Халисату-л хақайқта» ақиқатқа жетелейтін ақыл, құлшылық-ғибадаттардағы шынайылық, жақсылықты талап етіп, жамандықтан тыю және хақиқи иман арқылы қалыптасқан моральдық парыз яғни адамдағы бес интеллектуалық таным қебілеттерінің ішіндегі сезінудің маңыздылығын баса көрсетеді.

- 6-ші ғылыми нәтижесе. «Халисату-л хақайқтағы» «мужаһада», «риязат», «хылует пен үзлет», «тәубе» және т.б. сопылық хәл-мақамдарға әпистемологиялық талдау жасай отырып, ортағасырлық Әбу Хамид әл-Ғазали, Ибн Мискуайн және әл-Мауарди сынды ғалымдардың ой-тұжырымдарымен алғаш рет салыстырылмалы түрде тұжырымдайды;

- 7-ші ғылыми нәтижесе. «Халисату-л хақайқтағы» ұят, әділдік, сабырлық, шүкіршілік, жұмсақтық, шыншылдық, жомарттық сынды құндылықтардың мәні мен маңыздылығы ислами түрғыда талданып, бұл құндылықтардың қазақ ақын жыраулары мен Әбу-л Қасым көзқарастары арасындағы идеялық сабактастық пен тақырыптық байланыс бар екендігі анықталды.

### **3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

Ізденуші өзінің диссертациялық жұмысында әрбір ғылыми нәтижені, қорытындылар мен тұжырымдарды негіздеуде мұсылмандардың қасиетті кітабы - Құран кәріммен қатар, пайғамбардың өсietтері мен іс-әрекеттерін хабарлайтын хадистер жинағын, сондай-ақ сопылық сарындағы трактаттар мен рисалаларды дерек көзі ретінде пайдаланады, жалпы дінге, оның ішінде ислам діні мен сопылық бағдарға қатысты отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді орынды қолдана білген.

Олардың шынайылығы мен дәйектелуін былайша тарқатып айтуда болады:

Ислам өркениетінің дамуына Орта Азия және ежелгі қазақ жері ғалымдары мен ойшылдарының қосқан үлесі мол. Бұл түрғыда ортағасырлық мауаранаһрлық ғалымдар мен олардың іргелі еңбектері әлі күнге дейін қазақ қоғамына жетерліктең таныс емес. Осы мақсатта толықтай зерттелмей келе

жатқан ортағасырлық ханафи, матуриди ғалымдарын ғылыми айналымға енгізу қажеттілігі туындайды.

- 1-ші ғылыми нәтиже. Әбу-л Қасымның Фарабтан шыққан біздің мәдени мұрамыздың тарихи сабақтастығы мен баяндылығын анықтайтын тұлға екендігі анықталған. Оның негізгі өмір сүрген ортасы, ғылымдағы шығармашылық кеңістігі Бұхара екендігі, сонымен қатар ойшылдың шәкіртері мен тәлім алған ұстаздары нақтыланған. Оның «Қисасу-л анбия», «Әл-Асилату-л ламия уа ажуибату-л жамия» атты еңбектері анықталып, әлемдік кітапханалардағы «Халисату-л хақайқ» трактатының бірнеше нұсқалары салыстырылып сарапталған.

- 2-ші ғылыми нәтиже. Орта Азиялық ханафи, Матуриди ұстанымындағы Әбу-л Қасым әл-Фарйабидің жазған еңбектерінің басым бөлігі сопылық философиясының рухани кемелдік пен көркем мінезге негізделгендері анықталған;

- 3-ші ғылыми нәтиже. Ислам ахлақ философиясындағы ақыл, білім мен хикмет және иман қабаттары арасындағы танымдық аксиологиялық тұтастықты дөп басқан. Сондықтан адам бойындағы бұл қабілеттерді арттыру көркем мінезді болудың алғышарты деп тұжырымдаған;

- 4-ші ғылыми нәтиже. «Халисату-л хақайқта» моральдық құндылықтарды насиҳаттауытын еңбек қана емес, сонымен қатар діни таным, діни сана, діни тәжірибе мен діни танымды нақыталайтын тарихи құнды шығарма. Онда адамның сезімін назарға алып қызықтыру (тарғиб) мен қорқыту (тарниб) тәсілі және дидактикалық ұстанымдар қолданылған.

- 5-ші ғылыми нәтиже. Ислам мораль философиясының теориялық негіздері адамның ішкі рухани еркіндігі мен кемелдігін мақсат етеді. Адамның кемелдігі мен моральдық еркіндігі оның ішкі сезіну қуаты мен жауапкершілігіне барып тіреледі. Ал бұл жауапкершілік міндеттеу қуатына байланысты. Міндеттеу, ол – моральдық парыз. Моральдық парыз – иман, ақыл сынды рухани һәм құлшық-ғибадаттар мен жақсылыққа шақырып-жамандықтан тыю сынды сыртқы міндеттеу қуатымен қалыптасатын құндылық.

- 6-ші ғылыми нәтиже. Сопылық философияда хәл-мақам қатынастары адамның өзін-өзі тану негіздері болып табылады. «Халисату-л хақайқта» «риязат» пен «мужаһада», «қауіп пен үміт», «тәубе мен дұға», «үзлет пен хылует» және «қалб» сынды сопылық мақамдар моральдық парызды анықтау мен негіздеу мақсатында талданған. Бұл категориялар әйгілі Әбу Хамид әл-Фазали, әл-Мауарди, Ибн Мискуайн және Қожа Ахмет Йасауи сынды ислам ойшылдарының мұраларында да орын алған.

- 7-ші ғылыми нәтиже. Бүгінгі қоғамның практикалық моральдық құндылықтарға деген сұранысы күн өткен сайын арта түсуде. Егемен еліміздің ертеңі болған жастарымызда түрлі дерпті мінез-құлдықтар көрініс

беріп, ең басты құндылықтардың дағдарысы байқалуда. Міне осындай қоғамдық кемшін тартқан құндылықтық сұраныстарды тарихи тәжірибеміздегі төл мұраларымыз арқылы азықтандыру, білім беру жүйесі мен ғылыми айналымға енгізу өзекті мәселе. Сол себепті «Халисату-л хақайқтағы» ұят, әділдік, сабырлық, шукіршілік, жұмсақтық, шыншылдық, жомарттық және т.б. құндылықтарды қазақ ақын-жазушыларының мұраларымен сабактастыра отырып, таныту, түсіндіру маңыздылығы орынды тұжырымдалған.

#### **4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.**

*1-ши ғылыми нәтижесе – жаңа. Әбу-л Қасым әл-Фараби және оның шығармасы мен маңызы, өскен ортасы мен шәкірттері туралы ғылыми айналымға енген алғашқы тұжырымдама жаңаша қырынан пайымдалады.*

Сонымен қатар Әбу-л Қасымның түрлі салада жазылған тоғыз еңбегінің атауы мен әлемдік кітапханалардағы орнын анықтаған.

- *2-ши ғылыми нәтижесе – жаңа. Әбу-л Қасым ал-Фаріабиді Орта Азиялық Әбу Ханифа мазнабын ұстанушы ханафи ғалымы, ақида Матуриди сынды бағыт өкілі екендігі дәлелденген. Сондай-ақ, классикалық тасаууф үлгісін ұстанып, рухани кемелдікке, көркем мінезге насиҳаттаған тұлға екені анықталған;*

- *3-ши ғылыми нәтижесе – жаңа. Себебі ислам тасауф методологиялық және эпистемиологиялық негіздері бір. Жалпы сопылық құбылыс ретінде зерттеу аспектісі мен сұрақтары діни тәжірибедегі психологиялық және моральдық мәселелерді қамтиды. Сондыктan Әбу-л Қасым еңбегінің алғашқы тақырыбындағы ақыл, білім мен хикмет тақырыптарының Ибн Мискуайһ, әл-Мауарди, Әбу Хамид әл-Ғазали еңбектерімен сабактасып жатуы да табиғи құбылыс. Дегенмен диссертант бұл мәселеде доктарттық және стереотиптік ойлаудан қашып, қасиетті Құраннан орынды сілтемелер келтіре отырып, ғылыми байсалды тұжырымдар береді.*

- *4-шы ғылыми нәтижесе – жаңа. Әбу-л Қасым «Халисату-л хақайқта» ахлақи құндылықтарды сөз етудегі назым, хикмет, қиссалар, даналық сөздер мен нақылдарды қолдануы сопылық танымның басты ерекшеліктерінен саналады. Себебі сопылық ар ілімі ретінде моральдық жауапкершілік пен сезінуді қамтамасыз етуге деңгейіне оң әсерін тигізген. Сопылық әдебиеттердің және сопылық туралы арнаулы ғылыми әдебиеттердің түпнұсқадан оқып, қажетті материалдарды ғылыми айналымға енгізу дәрежесінде ізденуші белгілі дәрежеде отандық ғылым мен исламтануды байытты деп тұжырымдауға болады.*

- 5-ші ғылыми нәтижесе – салыстырмалы жаңа. Себебі ислам ахлақ философиясы білім, таным, сенім, мойынсұну мен сезінуді тұтас қарастырады. Адамның ар, ахлақ және жауапкершілігі мен болмысын да Алламен қатысты өлшеп, тұжырымдайды. Ал адам мен Алла арасындағы байланыс иман арқылы жүзеге асады. Жалпы мораль философиясындағы негізгі мәселелер исламның теориялық ахлақ саласында өте терең талданып зерделенген. Моральдық парыз ол адамның сезінү мәселесі. Сезінү иманды емес жауапкершілікті арттырады. Егер оны салафизм эпистемологиясы сияқты иманмен қатысты қарастыраңыз, онда матуридилік ақида платформасына қайшы әрі антропопсихикалық детерминизмге алып барады сөзсіз.

- 6-ші ғылыми нәтижесе жаңа. «Халисату-л хақайқта» «риязат» пен «мужаһада», «қауіп пен үміт», «тәубе мен дұға», «үзлет пен хылует» және «қалб» сынды құндылықтардың моральдық парызыға ықпалы түсіндірілген. Бірақ бұл хәл және мақам категориялары ретінде талданбаған. Дегенмен моральдық ұстындар ортағасырлық Әбу Хамид әл-Газали, әл-Мауарди, Ибн Мискуайн және Қожа Ахмет Йасауи сынды ислам ойшылдарының еңбектерінде де орын алғандығы және олар да бұл аталған категорияларды адам тәрбиесінде, рухани кемелдікке тәрбиелеуде қолданғандығы салыстырмалы түрде атап көрсетілген.

- 7-ші ғылыми нәтижесе салыстырмалы жаңа. Бұғаңғі қоғам өміріндегі ұят, әділдік, сабырлық, шүкіршілік, жұмсақтық, шыншылдық, жомарттық сынды құндылықтардың мәні мен маңыздылығы және бұлардың қазақ ақын-жазушыларының өлең-жырларындағы сабактастықтары көрсетіле талданған. Дегенмен осы моральдық этикалық өлшемдердің теориялық және практикалық ұндастігіне қатысты ғылыми талдаулар әлі де тереңірек жаңа методологиялық ұстанымдар арқылы теориялық деңгейде тұжырымдалғанда құба-құп болар еді.

## **5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін бағалау.**

Зерттеу жұмысының мазмұны қаншалықты күрделі болғанымен, тақырыптың мәнін біршама ашады, тараулар мен параграфтардың логикалық байланысы мен өзара сабактастығы сақталған. Бірақ тақырыптың мазмұны мен идеясынан ауытқып кеткен тарауларда тарихшылдық пен текстологиялық ұстанымдар кездеседі. Дегенмен диссертацияның өзіндік терминологиясы бар, ұғымдық-категориалдық аппараты толық, мақсаты мен міндеттері орындалған.

## **6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндеттерді шешуге бағытталғандығы.**

Аталмыш диссертацияда алынған нәтижелер Қазіргі Қазақстанда қалыптасқан діни ахуалды танып, түсінуге мүмкіндік береді. Диссертация «Орта ғасырлық ханафи ғалымы Әбу-л Қасым әл-Фараби бабамыздың қалдырған мирасын зерттеуге бағытталғандықтан Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасын игеруге практикалық септігін тигізеді. Сондай-ақ жұмыстың нәтижелерін жоғары оқу орындарында оқытылатын исламтану, дінтану пәндерінде, дін, әдебиет пен мәдениет тарихына қатысты арнаулы курстарда пайдалануға болады.

## **7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.**

Диссертация Нұр-Мұбарат Египет ислам мәдениеті университетінің исламтану кафедрасында орындалды. Зерттеудің негізгі мазмұны мен қорытындылары шетелдік және Қазақстан Республикасы Ғылым жөне білім министрлігі бекіткен ғылыми басылымдарда жарық көрді. Жалпы ғылыми мақалалар саны – 9. Оның ішінде ҚР Білім жөне ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынған басылымдарда жарыққа шыққаны – 4. Нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналдар базасына тіркелген шетел журналында басылған мақалалар - 1. Халықаралық және шетелдік ғылыми конференция материалдарында баяндалған диссертацияның негізгі тезистері – 4.

## **8. Авторефераттың диссертация мазмұнына сәйкестігі.**

Алға қойған мақсат пен міндеттерге байланысты зерттеу жұмысының құрылымы кіріспеден, екі бөлімнен, жеті бөлімшеден, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жалпы көлемі 131 бет.

## **9. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндең кемшіліктер.**

Сыннан өтіп отырған зерттеу жұмысының жоғарыда көрсетілген жетістіктерімен қатар, оның мазмұнында кейбір олқылықтардың кездесетінін ескертеміз:

1) Мәтін ішінде және сілтемелерде Фариаби, бір жерде Фарыйаби тағы бір жерлерде Faabи retinde berilgen. Осы мәселеде бірізділік жоқ.

2) Бірінші бөлімде түркі ислам өркениетінің ошағы Бұхара туралы оның сол ғасырдағы орны мен рөлі туралы ғылыми тұжырым жеткіліксіз. Бұл Әбу-л Қасым Faabidің тарихи тұлғалық кескінін ашып, шығармашылығының мәнін арттыратын еді.

3) Диссертацияда текстологиялық талдау аз. Тарихи танымдык мәліметтер кешегі ориенталистика авторларын кайталайды. Ен болмаса, Бұхарадагы «садрлар», «қала мен дала қатынастары», түркі ислам билік ерекшіліктері туралы Ф. Көпрюлю мен В.Бартольд арасындағы пікір қайшылықтарға да тоқталып өткенде, мәселе ашыла түсер ме еді.

4) Сопылық терминдерге мәтін ішінде түсіндірмелер беріліп, мазмұны мен мәні көрсетілгенде дұрыс болар еді.

5) Мәтінде кейбір емле қателері мен сілтемелерде кемшіліктер орын алған. Мысалы «тире» орнына «сызықша» қойылған.

## 10. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 2-болімінің талаптарына сәйкестігі.

Тұастай алғанда, «Ортағасырлық ханафи ғалым Эбу-л Қасым әл-Фарабидін//әл-Фаріабидін (?-1210) «Халисату-л хакайқ» трактатындағы моральдық-этикалық нормалар: мәні мен маңызы» деп аталатын бұл диссертациялық жұмыс өзекті мәселеге арналған, тиісті нәтижелері, корытындылары мен тұжырымдары бар толыққанды ғылыми еңбек болып табылады. Ол ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 2-бөлімінің талаптарына сәйкес келеді, ал жұмыстың авторы Н.С. Анарбаевтың 6D021500-Исламтану философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін өлеленуге лайық.

Д.Т. Кенжетаев

Философия және теология (PhD) ғылымдарының докторы, профессор Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті дінтану кафедрасы менгерушісі м. а.

